## Балық және басқа су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы тексеру парақтарының нысандарын бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 11 ақпандағы N 86 және Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2010 жылғы 17 ақпандағы N 64 Бірлескен бұйрықтары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 1 наурызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6093 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2011 жылғы 14 қыркүйектегі № 16-02/521 және Қазақстан Республикасы даму және сауда министрінің м.а. 2011 жылғы 16 қыркүйектегі № 309 Бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2011.09.14 № 16-02/521 және ҚР даму және сауда министрінің м.а. 2011.09.16 № 309 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының «Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңының 38-бабы 2-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қоса беріліп отырған тексеру парақтарының мынадай нысандары:

1) су алуды жүзеге асыратын мемлекеттік бақылау объектілері (балық қорғау қондырғыларының болуы және жұмыс істеуі мәселесі бойынша);

2) аквамәдениетпен айналысатын мемлекеттік бақылау объектілері;

3) зоологиялық коллекциялаумен айналысатын мемлекеттік бақылау объектілері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті (Ю.Т. Ромашов):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуінен кейін оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі интернет-ресурсында орналасуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Вице-министрі М.А. Оразаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде

мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі ______________А. Күрішбаев 2010 жылғы 11 ақпан*

*Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі ____________ Б. Сұлтанов 2010 жылғы 17 ақпан*

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 11 ақпандағы № 86 және Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2010 жылғы 17 ақпандағы № 64 бірлескен бұйрығымен бекітілген

Нысан

## Аквамәдениетпен айналысатын мемлекеттік бақылау объектілерін тексеру парағы

Тексеруді белгілеген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің аумақтық бөлімшесі
____________________________________________________________________
____________________________________________________________________

Тексеруді белгілеу туралы акт ________________________________
(№, мерзімі)

Мемлекеттік бақылау объектісінің атауы ______________________
____________________________________________________________________

СТН(ЖСН, БСН)______________________________________________________

Орналасқан мекен-жайы ____________________________________________
____________________________________________________________________

| № | **Талаптар тізімі** |
|---|---|
| 1. | Жануарларды будандастыру бойынша іс-шараларға уәкілетті орган рұқсаттамасының болуы |
| 2. | Жануарларды орын ауыстыруға, жерсіндіруге, қайта жерсіндіруге рұқсаттамасының болуы |
| 3. | Өсіріліп жатқан балық және басқа су жануарларының (материалдардың) табиғи ортаға шығу (жойылу) жағдайының болуы |
| | |

| | |
|---|---|
| 4. | Балық және басқа су жануарларын Қазақстан Республикасына әкелу және одан тысқары жерлерге шығаруға уәкілетті орган рұқсаттамасының болуы |
| 5. | Жануарлар ауруларының анықталуы, олардың өмір сүру ортасы жағдайының нашарлауы, олардың жойылу қаупінің пайда болуы және балық және басқа су жануарларының қырылу жағдайлары |
| 6. | Өсіріліп жатқан материалмен сақтандыру іс-шараларын жүргізу |
| 7. | Еріксіз немесе жартылай ерікті жағдайда сирек немесе құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін өсіру және молайту бойынша талаптарды орындау |
| 8. | Аквамәдениет мақсаты үшін балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін пайдалану кезінде биологиялық негіздеменің болуы |

**Уәкілетті органның лауазымды адамы (дары):**_____________________________ ___

(қызметі) (қолы) (

__________ __________________________

ТАӘ) _____________________________________ _________________ _________________

_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _

(қызметі) (қолы) (ТАӘ)

**Мемлекеттік бақылау объектісінің басшысы:**

__________________________________________ __________________________

(ТАӘ, қызметі) (қолы)

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2010 жылғы 11 ақпандағы № 86
және Қазақстан Республикасы
Экономика және бюджеттік
жоспарлау министрінің
2010 жылғы 17 ақпандағы
№ 64 бірлескен бұйрығымен
бекітілген

Нысан

## Зоологиялық коллекциялаумен айналысатын мемлекеттік бақылау объектілерін тексеру парағы

Тексеруді белгілеген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің аумақтық бөлімшесі

______________________________________________________________________________

Тексеруді белгілеу туралы акт ________________________________________

(№, мерзімі)

Мемлекеттік бақылау объектісінің атауы ________________________________

______________________________________________________________________________

СТН(ЖСН, БСН)_____________________________________________________________

Орналасқан мекен-жайы ______________________________________________
___________________________________________________________

| № | **Талаптар тізімі** |
|---|---|
| 1. | Зоологиялық коллекцияны құру және толтыру үшін Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген балық және басқа су жануарларын аулауға және жинауға Қазақстан Республикасы Үкіметі рұқсаттамасының болуы |
| 2. | Жануарларды табиғи ортасынан алу арқылы зоологиялық коллекцияны құруға және толтыруға уәкілетті мемлекеттік орган рұқсаттамасының болуы |
| 3. | Зоологиялық коллекцияны тізімге енгізу туралы куәліктің болуы |
| 4. | Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерін халықаралық сату жөніндегі Конвенцияға сәйкес жануарлар түрлерінің зоологиялық коллекциясын Қазақстан Республикасынан шығару және оның аумағына әкелу кезінде (уәкілетті орган) рұқсаттамасының болуы |
| 5. | Зоологиялық коллекцияларды және олардың экспонаттарын Қазақстан Республикасынан шығару және оның аумағына әкелу кезінде уәкілетті орган рұқсаттамасының болуы |

**Уәкілетті органның лауазымды адамы (дары):**___________________________ ____
________ ________________________
(қызметі) (қолы) (ТАӘ) ___________________________________
______________ ___________________________
(қызметі) (қолы) (ТАӘ)

**Мемлекеттік бақылау объектісінің басшысы:**______________________________
_____ _______________________
(ТАӘ, қызметі) (қолы)

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2010 жылғы 11 ақпандағы № 86
және Қазақстан Республикасы
Экономика және бюджеттік
жоспарлау министрінің
2010 жылғы 17 ақпандағы
№ 64 бірлескен бұйрығымен
бекітілген

Нысан

## Су алуды жүзеге асыратын мемлекеттік бақылау объектілерін тексеру парағы

(балық қорғау қондырғыларының болуы және жұмыс істеуі мәселесі бойынша)

Тексеруді белгілеген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің аумақтық бөлімшесі
___________________________________________________________

________________________________________________________________

Тексеруді белгілеу туралы акт ______________________________________

( №, мерзімі )

Мемлекеттік бақылау объектісінің атауы ____________________________

________________________________________________________________

СТН(ЖСН, БСН)_____________________________________________

Орналасқан мекен-жайы _____________________________________

________________________________________________________________

| № | **Талаптар тізімі** |
|---|---|
| 1. | Су тарту және түсіру құрылыстарында балық қорғау құрылғыларының болуы |
| 2. | Су тұтыну шарттарына уәкілетті орган келісімінің болуы |
| 3. | Балық қорғау құрылғыларын орнатуға уәкілетті орган келісімінің болуы |

**Уәкілетті органның лауазымды адамы (дары):**____________________________ _____

(қызметі) (қолы) (

_________ ___________________________

ТАӘ) ____________________________________ ________________ ________________

_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _

(қызметі) (қолы) (ТАӘ)

**Мемлекеттік бақылау объектісінің басшысы:**_______________________________

_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _

(ТАӘ, қызметі) (қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК